**ШҚО ББ «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» КММ**
**Қамқоршылық кеңесінің №3 отырысының хаттамасы**

Өскемен қаласы 30.09.2022ж

**Қатысқандар**: 4 адам
**Өткізілу түрі:** қашықтықтан

**Қамқоршылық кеңес мүшелері:**
Тусупова Нуржан Курмантаевна- «Юрлик» бірлестігі қорының төрайымы, «Нұр Отан» партиясы филиалының мүшесі.
Иргебаев Ернар Турсынханович - Шығыс Қазақстан гумантарлы-техникалық колледжінің директоры, ШҚО колледждері директорлары бірлестігінің төрағасы, ҚР колледждері директорлары бірлестігінің төрағасы.
Янкина Тамара Николаевна - жеке кәсіпкер
Мадиева Гульзира Керімбаевна - «Өскемен қаласы тауарлар мен көрсетілетін қызметтің қауіпсіздігін қадағалау басқармасы»РММ бас маманы

**Күн тәртібінде:**
1). «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» КММ тәрбиеленушілерінің жазғы сауықтыру еңбек маусымының және жұмысқа орналастыру қорытындысы туралы (директордың ОЖ жөніндегі Кыстаубаева К.Б.)
2). Балалар ауылындағы балаларға қатысты волонтерлердің тәлімгерлік тәжірибесін енгізу.
**Тыңдалды:** директордың ОЖ жөніндегі Кыстаубаева К.Б.
«Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» КММ тәрбиеленушілерінің жазғы сауықтыру еңбек маусымының өткізілуі туралы есеп берді, слайд көрсетілді.
ШҚО ББ «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» КММ –де «Төменгі Тайынтыда» орналасқан демалыс базасын балалардың жазғы демалысындайындап, 2022 жылдың 25 маусым күні аудандық комиссия қабылдаудан өткізгеннен кейін іске қосылды.
Тәрбиеленушілер жазғы демалыс базасына барар алдында «Алақай жаз!» бағдарламасы бойынша әр жанұя белгілі кесте бойынша саяхатқа шығып, «Самал» саябағының әсем табиғатының аясында демалды. Балалар суға шомылып, күнге қыздырынып, құмда ойнап, көңілдерін көтерді. Керемет, әсерлі демалыстан кейін тәрбиеленушілерге «Төменгі Тайынтыда» орналасқан балалар ауылының демалыс базасы есігін тағыда айқара ашылды.
Тәрбиеленушілер«Төменгі Тайынтыдағы» сауықтыру лагеріне орналасқаннан кейін лагерь қызметкерлерімен кездесуден басталды. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар өткізілді, сондай-ақ ішкі тәртіптердің ережелерін, төтенше жағдайлардың алдын алу және жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын тәртіп ережелерімен, өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстырды Биылғы жылы лагерьге каркасты бассейн қойылыды балалар бассейнде шомылды. Бассейнге түсу ережесі бойынша инструктаж жүргізді.

ШҚО ББ«Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» КММ жазғы демалыс күндерінде де «Жасыл ел» жобалық жұмыстар аясындағы жұмыстар жалғасын табуда. Балалар ауылы жанындағы үлескіде көгалдандыру жұмыстарына 16-17 жастағы он жеті жеткіншек тартылған. Жас ерекшеліктеріне сай ауланың тазалығы мен көшеттерді отырғызу, гүлдерді күтіп баптау жұмыстарына тәрбиеленушілер үлкен қызығушылықпен қарап, өз істеріне үлкен жауапкершілікпен қарайды. Жарамсыз ағаштарды кесу, басқа ағашпен алмастыру және ойына сергіту жасайтын құрылғыларды жаңарту арқылы балалар жазғы демалыстарын еңбектенумен ұштастыруда.

Бірінші күні лагерь Президенті мен лагерь белсенділерінің сайлауы өтті. (слайд көрсетілді)

**2. Кыстаубаева К.Б.-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары**

2021-2022 оқу жылында балалар ауылын 9 сыныпты- 18 түлек, 11 сыныпты- 4 түлек бітірді. 9 сыныптан кейін 18 түлек түрлі колледждерге орналастырылса, 11 сыныптан кейін жоғарға оқу орынына – 2 түлек жоғарғы оқу орнына түсті грант иегерлері, 2 түлек колледжіге түсті. Барлық түлектерді жатаханамен қамтылды.

**Бірінші сұрақ бойынша:**

ШҚО ББ «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы»КММ-де тәрбиеленушілердің жазғы демалысын қызықты, мәнді және денсаулыққа пайдалы болатындай өткізу үшін келесі жазғы маусымға дейін жаң тұстары қаралып, тың мәселелерді шешу жұмыстары жыл көлемінде жүргізу тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

**Екінші сұрақ бойынша**

«Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы»КММ бітірген түлектердің жағдайы ары қарай қадағлау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар Кыстаубаева К.Б. тарапынан ары қарай қадағалау жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы: Тусупова Н. К.

Мүшелері Мадиева Г.К.

Янкина Т.Н.

Иргебаев Е. Т.

Хатшы Сальменская Д.С.